

Қызғалдақ бөбекжай-бақшасы

Ақтиін ортаңғы тобы

Алтын күз – Сайысы



Тәрбиеші: Саламатова Жазира

Алтын күз Сайыс

Мақсаты : Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл -күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру. Зал мерекеге сай безендірілген .Әдемі ән ойналып тұрады . Бүлдіршіндер, тәрбиешімен бірге кіріп орындықтарға жайғасады.

Жүргізуші:Қарсы алайық бәріміз

Жасымызбен кәріміз

Қырдан кепті қыдырып

Алтын күз бізге нұр беріп

Армысыздар құрметті ата-аналар, апайлар және « Ақтиін »тобының бүлдіршіндері. Бүгін күз мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз» атты сайыс ертеңгілігімізге қош келдіңіздер. Ел байлығын арттырған, сары алтындай сары күз бізге дәмді жемістерін, қамбаға толы астығын сыйлады .

Бүгінгі сайысымыздың кезеңдерімен таныс болайық.

1, Тақпақтар айту

2, Ән айту

3. Би билеу

4. Ойын ойнау.

5. Үй тапсырмасы.

Ал,енді бүгінгі сайысымызды бағалайтын әділқазылар мүшелерімен танысайық.

Әдіскер. Құлбаева А. Саз жетекші: Утеубаева Г.

Ендеше

« Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.



Ортаға 1-ші топ «Дәрумендер » тобын қарсы алайық. Рамазан, Ботакөз, Томирис, Айназым, Заңғар, Таңшолпан, Асылжан, Абдуллаһ, Айсұлтан, Әділет, Нұриман, Аршат, Бейбарыс С, Дархан, Сайда. Топты бастап шығатын



Амангелдиева Жазира

2-ші топ «Астықтар» тобын қарсы алайық. МБейбарыс, Айзада, Асылым,Е,Айша, Аллаберген, Аянат, Әдемі, Осман, Төрәнұр, Мұханбетали, Алдияр ,Мұқасан, Батыр,Ансар,Ақерке



1-кезең. Ал балалар енді тақпақ айтып жарысайық. Қай топтың балалары көп тақпақ біледі екен.

1-топ Томирис, Алақай, алақай

Шаттанды балақай
Күз түсті, дән пісті
Айтамыз Алғысты.
Нұрیمان, Қамба толды астыққа
Алғыс саған алтын күз
Бір уыс дән шаштықта
Кап -кап қауын алдық біз
Айсұлтан, Алтын, сары, қызыл, көк
Алуан-алуан жапырақ
Күзгі бақта күлім деп
Көз тартады атырап

Асылжан, Сап-сары ғып даланы
Бояптығой күз деген
Құстар қанат қағады
Қоштасқандай бізбенен
Ботакөз, келді міне күз айнала сары түс
Керемет тамаша \

Қандай әсем күз
2-топ
Асылым, Сап сары маңай
Сап-сары тоғай
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті кайтып.
Төре, көк майсалы көрікті
Алқаптағы көп егін
Бұл күндері киіпті
Сары жідек көйлегін
Осман. Көрініп еліме
Күндері мереке
Келді ғой жеріме
Күз дейтін мереке
МБейбарыс, Күзім ау күзім ау
Мінезің бұзық ау
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық ау
Батыр, Жеміс-жидек пісті
Қамбаға астық түсті
Қызу жұмыс басталып.
Жинап алды жан салып.



2-кезең Ал балалар мен жұмбақ жасырайын, жауабын қай топ тапса сол топ ән айтады.
Тырс-тырс жауады.
Үстіміз су болып қалады Жаңбыр.

Жапырақтар сарғайып

Жерге жаңбыр жауады,
Айтындаршы балалар
Бұл қай кезде болады КҮЗ,

3-кезең. Ал балалар би билейік. 1-топ жемістер биі.2-топ, Қырымдар биі.



4-кезең. Ойын . «Кім жылдам?»

Ойын барысы. Балаларға 2 топқа әр түрлі суреттер беріледі, сол суреттерді қай топтың балалары тезірек тауып , сәйкестендіреді екен. Сол топ жеңіске жетеді.





5- кезең. Үй тапсырмасы.

Әр топ өздерінің үйден дайындап келген дәмді ас түрлерін таныстырады.



Ал ендеше балалар бүгінгі сайысымыз өз мәресіне жетті, Әділ қазылар алқасына сөз береміз.

